

## **Құрметті Әскерилендірілген күзет ардагерлері!**

**«Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылығы атынан және жеке өзімнің атымнан Сіздерді Әскерилендірілген темір жол күзетінің құрылған күнімен құттықтаймын!**

Әскерилендірілген күзеттің құрылуы мен дамуы Сіздердің - Ардагерлеріміздің арқасында. Сіздердің салып кеткен жолдарыңыз бен дәстүрлеріңізді Біз бүгінгі күні мақтанышпен әрі құрметпен жалғастырып келеміз.

Әскерилендірілген теміржол күзетінің тарихы сан тараулы - Біз елімізбен, темір жолдармен бірлесе отырып, ерлікке, еңбек нәтижелеріне және жеңістерге толы ұзақ әрі күрделі жолдан өттік.

Жетістіктерімізді сақтау және одан әрі көбейту үшін бай дәстүрлерге толы тарихымызды есімізде сақтаймыз әрі мақтан тұтамыз!

Әскерилендірілген күзеттің үлкен ұжымы Сіздерден қалған дәстүрлерді, тәлімгерлікті және жалғастылықты одан әрі жалғастыра отырып, күнделікті еңбегімен теміржол көлігіндегі әскерилендірілген күзеттің дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді.


Сіздер зейнет демалысында болсаңыздар да, Біз сіздердің қолдауларыңызды сезінеміз.

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үлкен ұжымы атынан Сіздерге алғыс білдіреміз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен мұраларыңыз Серіктестігіміздің дамуына қызмет етсін. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір және отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Сіздерге бас иеміз!

**Құрметпен,**

**«Әскерилендірілген темір жол күзеті» ЖШС Бас директоры**



**Б. Наханов**

**Нұр-Сұлтан қаласы,  
2020 жылдың 09 желтоқсаны**